



Құрметті студент!

2018 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларының пәндер реті
5B020300	«Тарих»	1. Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы 2. Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректануы 3. Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықта 4. Шығыс пен Батыстың жаңа және қазіргі заман тарихы

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы
 - Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректануы
 - Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықта
 - Шығыс пен Батыстың жаңа және қазіргі заман тарихы
- Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы

1. Алғашқы Түрік қағанаттарының негізін салушылар:

- A) Мұқан
- B) Чықан
- C) Истеми
- D) Нузук-иркин
- E) Күл Кадыр-хан
- F) Сатұқ Боғра-хан
- G) Бумын

2. Орта ғасырдағы Жетісу жеріндегі қалалар:

- A) Жанкент
- B) Сарайшық
- C) Сығанақ
- D) Талғар
- E) Отырар
- F) Жент

3. Оңтүстік Қазақстан аумағындағы белгілі ортағасырлық қалалар:

- A) Атлах
- B) Сауран
- C) Тараз
- D) Талғар
- E) Отырар
- F) Йасы

4. Шыңғыс ханның Қазақстан мен Орта Азияға аттандырылған әскерін басқарған:

- A) Тоғырыл
- B) Күшлік
- C) Үгедей
- D) Жамұқа
- E) Бұйрық

5. Қадырғали Жалайырдың еңбегін көне шағатай-қазақ тілінен аударып, басып шығарған авторлар:

- A) С. Әжіғали
- B) Ж. Төлебаева
- C) Н. Атығаев
- D) Б. Көмеков
- E) А. Исин
- F) С. Өтениязов

6. Орта жүзге жататын рулар:

- A) суан
- B) уақ
- C) адай
- D) албан
- E) арғын
- F) найман

7. Кіші жүз рулары:

- A) уақ
- B) суан
- C) беріш
- D) алшын
- E) арғын
- F) адай

8. Балшық, қамыс, мүйізден жасалған үрмелі аспаптар:

- A) Шертер
- B) Жетіген
- C) Сыбызғы
- D) Адырна
- E) Сазсырнай

9. Андрон мәдениетіне тән ерекшеліктер:

- A) Мәйітті бір жағына бүк түсіріп жерлеу
- B) Іші қуысталып жасалған әйел сырғалары
- C) Алтын бұйымдардың көптеп кездесуі
- D) «Мұртты обалардың» болуы
- E) Спираль тәріздес әйел білезіктері

10. Ерте Темір дәуіріне жататын солтүстіктегі қоныстар:

- A) Бесшатыр
- B) Кеңөткел
- C) Шілікті
- D) Қарғалы
- E) Берел

11. Батыс қыпшақтарға кірген тайпалар:

- A) яғма
- B) елбөрілі
- C) ежелгі башқұрт
- D) жікіл
- E) теле
- F) бой

12. Қарахан мемлекеті тұсында салық жинау құқына байланысты пайда болған терминдер:

- A) Ташлық
- B) Тархан
- C) Ихташы
- D) Ихта
- E) Жабғу
- F) Иктадар
- G) Құл еркін

13. Моңғол шапқыншылығынан кейін Қазақстан жеріне қоныс аударған тайпалар:

- A) найман
- B) оғыз
- C) қимақ
- D) сақ
- E) сармат
- F) қыпшақ

14. Қытайдың әдемі фарфордан жасалған ыдыстары табылды:

- A) Талғар
- B) Отырар
- C) Жаркент
- D) Құлан
- E) Хантау
- F) Қойлық
- G) Испиджаб

15. Көлемі жағынан 30 гектардан асатын қала:

- A) Ақтам
- B) Отырар
- C) Испиджаб
- D) Бурух
- E) Лавар
- F) Қапал
- G) Хурлуг

16. Әбілқайыр хандығының астаналары:

- A) Сарысу
- B) Орда Базар
- C) Аққыстау
- D) Сығанақ
- E) Тура

17. Шағатай мемлекетінің інжулік жерлері:

- A) Талас
- B) Іле
- C) Жайық
- D) Сырдария
- E) Ертіс
- F) Ор
- G) Керулен

18. 1583 ж «Ант беріскен шартты» бұзып, Тәуекел хан Өзбек ханнан қайтарып алған қалалар:

- A) Сауран
- B) Отырар
- C) Ташкент
- D) Сығанақ
- E) Ертіс

19. 1598 жылы Орта Азия жорығынан кейін Қазақ хандығына қосылған аймақтар:

- A) Бұхара
- B) Ферғана
- C) Самарқанд
- D) Ташкент
- E) Әндіжан
- F) Герат
- G) Иран

20. Қазақстанның тас дәуірін зерттеген ғалымдар:

- A) К.М. Байпаков
- B) М.Е. Елеуов
- C) В.Ф. Зайберт
- D) Ж.К. Таймағамбетов
- E) Ә.Х. Марғұлан
- F) З.С. Самашев
- G) Х.А. Алпыспаев
- H) К.А. Ақышев

21. Азиялық скифтерге жататын тайпалар:

- A) Исседондар
- B) Андрофагтар
- C) Таврлар
- D) Массagetтер
- E) Неврлер
- F) Аргипейлер
- G) Будиндер

22. Ғұндардың ақсүйек руларының атауы:

- A) Хуньюй
- B) Юеди
- C) Синьли
- D) Сюйбу
- E) Лань
- F) Динлин

23. «Худуд ал-Алам» бойынша кимектер территориясының тарихи географиялық атауы:

- A) Кангу-Тарбан
- B) Дех-и Гузз
- C) Андак ал-хифчак
- D) Өтукен
- E) Дешті- Қыпчак
- F) Кыркырман

24. «Тарихи Рашиди» еңбегінде негізінен баяндалған оқиғалар:

- A) Моңғол империясының XIII ғ.-XIV ғғ. аралығындағы тарихы
- B) Шағатай ұлысының XIV-XV ғ.ғ. аралығындағы тарихы
- C) Тоғылық Темір ханнан Рашид ханға дейінгі кезең
- D) Адам жаратылғаннан автордың дүниеге келгенге дейінгі оқиғалар
- E) Еженнен Барақ ханға дейінгі Ақ Орда тарихы
- F) Қазақ хандығының құрылуы
- G) Моғолстанның тарихы
- H) Шыңғыс ханның туылғанынан өлгенге дейінгі оқиғалар

25. Қазақ халқының ауызша поэтикалық шығармашылығындағы салт жоралық поэзияның түрлері:

- A) Сыңсу
- B) Жоқтау
- C) Батырлар жыры
- D) Арнау
- E) Айтыс

**Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректануы

1. Ежелгі және ортағасырлық кезеңдегі тарихи танымның негіздері:

- A) Прагматизм
- B) Мифология
- C) Неокантианттық
- D) Рационализм
- E) Пантюркизм

2. XIX ғ. екінші жартысындағы орыс шығыстанушылары:

- A) Л.И. Иванов
- B) И.М. Михайлов
- C) И.Н. Березин
- D) В.В. Григорьев
- E) В.Г. Тизенгаузен

3. Қазақстанның жаңа заман тарихын жазуда қолданылған идеологиялық талаптар:

- A) Космополитизм
- B) Таптық принцип
- C) Европоцентристік
- D) Демократиялық бағыт
- E) Ағартушылық бағыт
- F) Детерминизм

4. Қазақтар туралы мағлұмат беретін XVIII ғ. орыс зерттеушілері:

- A) И.Г. Георги
- B) И.И. Иванов
- C) А.К. Левшин
- D) Г.Ф. Миллер
- E) С.П. Рычков

5. XIX ғ. ағарту ісімен айналысқан ұлттың прогресшіл қайраткерлері:

- A) М. Мақсатов
- B) Ы. Алтынсарин
- C) Ә. Бөкейхан
- D) М. Тынышбаев
- E) М. Дулатов
- F) Ш. Уәлиханов

6. «Қазақстандағы Қазан төңкерісі мен азамат соғысы тарихын» тарихнамалық кезеңдерге бөлуге болады:

- A) XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы
- B) XX ғ. 40-50 жж.
- C) XIX ғ. 90-жылдары
- D) XX ғ. екінші жартысы
- E) XX ғ. 20-30 жж.
- F) XX ғ. 60-80 жж.

7. Бұқара көпшіліктің назарынан жасырын, жариялауға жатпайтын материалдар қатарына қосылды:

- A) 1916-1917 жж. жергілікті билік туралы мәліметтер
- B) 1937-1938 жж. «халық жаулары» туралы мәліметтер
- C) 1980-1985 жж. КОКП ОК шешімдері туралы мәліметтер
- D) 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы туралы мәліметтер
- E) 1954-1964 жж. қоныс аударушылар саны туралы мәліметтер

8. Партиялық мұрағаттар қорларында сақталуға іріктелген құжаттар кешенін құрады:

- A) Барлық деңгейдегі партия ұйымдарының материалдары
- B) Бұқара халықтың дауыс беру құқықтары
- C) Нұротан партиясының шешімдері
- D) Ортағасырлық қалалар туралы деректер
- E) Қазақ КСР КП ОК секретариаты Бюросының хаттамалары

9. КСРО-дағы Қазан төңкерісі мен Азамат соғысы тарихнамасының мәселелері нақты көрініс тапты:

- A) КСРО ҒА ғылыми кеңесінің ұжымдық жұмыстарында
- B) Марксизм ленинизм теориясында
- C) Қазревком жұмыстарының Есебінде
- D) Бір қатар ғалымдар мен зерттеушілердің жұмыстарында
- E) КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институты еңбектерінде
- F) Жетісу аймағына қатысты тарих ғылымы зерттеулерінде
- G) КОКП ОК Бірінші хатшылық кеңесінің жұмысында

10. 1917 ж. кейін отандық тарихтың аса өзекті мәселелерін көтерген тұлғалар:

- A) Ә. Бөкейхан
- B) Н.М. Карамзин
- C) П.Г. Галузо
- D) Т. Рысқұлов
- E) С.П. Тынышбаев
- F) А. Байтұрсынов

11. Заманауи зерттеушілер Қазақ хандығының құрылуын XIV-XV ғғ. күрделі үдерістердің нәтижесі деп:

- A) Революциялық көтерілістерді қарастырды
- B) Діни ағымдарды қарастырды
- C) Әлеуметтік-экономикалық үдерістерді қарастырды
- D) Демографиялық ахуалды қарастырды
- E) Этномәдени үдерістерді қарастырды
- F) Этносаяси үдерістерді қарастырды
- G) Хронологиялық көрсеткіштерді қарастырды

12. Деректанудың зерттеу объектісі:

- A) Эпиграфиялық ескерткіштер
- B) Жазба деректер
- C) Бақылау
- D) Қоғамдық ескерткіштер
- E) Тарихи деректер

13. Типологиялық классификацияның негіздемесі:

- A) Тарихи дәуірдің әлеуметтік құрылымы
- B) Қоғамның саяси дамуындағы өзгерістер
- C) Тарихи деректердің іргелі мәні
- D) Тарихи дерек мәтінін қалпына келтіру
- E) Тарихи деректердің әлеуметтік функциялары

14. Ұжымдық шығармалар деректердің түрлері:

- A) Кино құжаттар
- B) Археологиялық деректер
- C) Заманхаттар, күнделіктер
- D) Актілік және санақтық материалдар
- E) Фотоқұжаттар
- F) Заңнамалар, іс-қағаз құжаттары
- G) Мерзімді басылымдар, жылнамалық мәліметтер

15. Деректің пайда болған жерін анықтау:

- A) Деректің сыртқы түрін талдау
- B) Технологиялық үдерістегі бағыт алу жүйесімен
- C) Мұрағаттанулық эвристика бойынша
- D) Библиографиялық құралдағы бағыт бойынша
- E) Деректерді классификациялау
- F) Деректерді жариялау

16. Монғол заңына сәйкес Жошы ұлысында алтынды иелену құқығы берілді:

- A) Керей ханға
- B) Сайын ханға
- C) Орда Еженге
- D) Ноғай батырға
- E) Әмір Темірге
- F) Сүбетай ноянға

17. Мырза Хайдардың хабары бойынша күнде 160 мың адамды ислам дініне енгізген мемлекет:

- A) Керей мен Жәнібек
- B) Салжұқ мемлекеті
- C) Бұхара хандығы
- D) Моғолстан
- E) Тоғылық Темірдің мемлекеті

18. Ақ Орда мемлекетінің негізін шайқады:

- A) Жошы әулетінің өкілдері
- B) Тоқтамыстың әскери қимылдары
- C) Ноғай Ордасының әміршісі
- D) Әмір Темірдің жаугершілік саясаты
- E) Хақназар хан
- F) Құйыршақ ханның тиімді саясаты
- G) Қазақ хандарының әскери жорықтары

19. Орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы саясатын зерттеумен айналысқан ғалымдар:

- A) М.Веревкин
- B) П.Шарова
- C) Л.Данилов
- D) Л.Алексеев
- E) С.Иманалиев
- F) Б.Барханова

20. Т.Омарбеков, Ш.Омарбековтың «Қазақстан тарихы және тарихнамасы» еңбегінде қарастырған негізгі мәселелер:

- A) Мемлекеттің тарих ғылымына баса назар аударуы
- B) Көшпелі қоғамға байланысты зерттеулерге тарихнамалық талдау
- C) Қазақстан тарихын дәуірлеу, кезеңге бөлу мәселесі
- D) Қазіргі шетелдік көзқарастағы ғалымдардың пікірлері
- E) Тарихты жазудың жаңа методологиялық принциптерін табу
- F) Деректану ғылымының дамуы

21. Өз еңбектерін Орталық Азияның түрік-моңғол халықтары тарихының аса маңызды мәселелеріне арнаған ғалымдар:

- A) Н.А. Аристов
- B) В.В. Бартольд
- C) А.Ю. Якубовский
- D) С.М. Ковальский
- E) П.И. Иванов
- F) В.В. Трепалова

22. XVIII-XIX ғғ. қазақ деректемелерінің құндылығы:

- A) Шетелдік көзқарастардан таза болды
- B) Үздіксіз соғыстардан үзінді келтіреді
- C) Парсы тарихшыларының еңбектерін мадақтады
- D) Батыстық ой-пікірлер кең қамтылды
- E) Қазақ хандығының ішкі саясатын айқын көрсетті
- F) Этнос көшбасшыларының саясатын анық сипаттады
- G) Шежірелердің құндылығын айшықтады

23. I.M.Қозыбаевтың «Қазақстан тарихнамасы:тарих тағылымдары» атты еңбегінде қарастырылды:

- A) Әкімшіл жүйенің құрбандары
- B) Қазақстандық партия ұйымдарының құрылуы
- C) Барлық ұлттар мен ұлыстардың тарихы
- D) XX ғ. 20-жылдарындағы ұлттық кеңестік мемлекет
- E) Кеңестік идеологияның сипаты
- F) Ресей империясына қосылудың зардаптары
- G) Араб саяхатшыларының еңбектері

24. Қазақстан Республикасында маңызы бар қалалар, оларды басқару туралы заңдар:

- A) Дала мемлекетінің астанасы туралы
- B) Алматы қаласының мәртебесі туралы
- C) ҚР астанасының мәртебесі туралы
- D) Түркістан және оны басқару жүйесі туралы
- E) Испиджаб қаласы туралы
- F) Елордасы Астананы басқару және бақылау туралы
- G) Ортағасырлық қалалар туралы

25. Қазақстан деректануы ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдар:

- A) Е. Бекмаханов
- B) М. Шаханов
- C) С. Ғабитов
- D) Қ. Данияров
- E) Б. Көмеков
- F) О. Жандосов
- G) Ж. Шокеев

**Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректануы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықта

1. Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заң бойынша қандай мемлекет деп танылды:

- A) Тәуелсіз
- B) Демократиялық
- C) Дамыған
- D) Әлеуметтік
- E) Азаматтық
- F) Құқықтық
- G) Парламенттік

2. 1991 жылы 8 желтоқсанда Беловеж келісіміне қол қойып, КСРО-ның таратылғанын ресми түрде мәлімдеген мемлекеттер:

- A) Қырғыз Республикасы
- B) Өзбекстан Республикасы
- C) Беларус Республикасы
- D) Қазақстан Республикасы
- E) Ресей Федерациясы
- F) Молдова Республикасы

3. 1992 жылы Қазақстан мүше болған халықаралық ұйымдар:

- A) БҰҰ
- B) ДДҰ
- C) ЭЫҰ
- D) АСЕАН
- E) ЕК
- F) ШЫҰ
- G) ИКҰ

4. Еліміздің сыртқы саяси басымдықтары айқындалған Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамалары қабылданды:

- A) 1995 жылы
- B) 2009 жылы
- C) 1991 жылы
- D) 2008 жылы
- E) 1992 жылы

5. Н.Ә.Назарбаев ғаламдық және аймақтық қауіпсіздік жүйесі құрылуы тиіс деп тұжырымдаған басты принциптер:

- A) Әлемдік қауіпсіздікте химия қаруын пайдаланбау
- B) Су ресурстарын ұтымды пайдалану
- C) Қауіпсіздік жүйесі сөзсіз әрі шартсыз қарусыздануды мақсат ету
- D) Мемлекетаралық ядро қаруын пайдаланбау
- E) Мемлекеттер арасындағы қару қолданбау
- F) Әлемдік экологиялық апатты жағдайларды реттеу

6. КСРО тараған соң атом қаруына ие болып қалған мемлекеттер:

- A) Қазақстан
- B) Түрікменстан
- C) Азербайжан
- D) Қырғызстан
- E) Ресей
- F) Армения

7. 1992 жылғы 25 мамырда Қазақстан мен Ресей арасында жасалған шарт:

- A) Ұйымға бірігу жөнінде
- B) Ынтымақтастық жөнінде
- C) Мәдени байланыстарды кеңейту жөнінде
- D) Өзара көмек туралы
- E) Территория жөнінде
- F) Достық жөнінде

8. Шанхай ынтымақтастық ұйымының іскерлік ынтымақтастық құрылымдары:

- A) Даму қоры
- B) Іскерлік кеңес
- C) Субсидиялық мүшелер
- D) Жоғары Кеңес
- E) Бас хатшылық
- F) Банкаралық бірлестік
- G) Бақылаушы топтар

9. 2001 жылдары Қазақстан мен Ресей аумағындағы инвестициялық жобалардағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойған компаниялар:

- A) «Каспий тұрба құбыры консорциумы»
- B) «Роснефть»
- C) «Теңізшевройл»
- D) «Аджип ККО»
- E) «Қарашығанақ интеграциялық ұйымы»
- F) «Петро Қазақстан»

10. 2009 жылы қарашада «Кеден кодексі» туралы келісімге қол қойған елдер:

- A) Қазақстан
- B) Беларусь
- C) Қытай
- D) Молдова
- E) Армения
- F) Ресей

11. 2012 жылдан бастап Ресей, Қазақстан және Беларусь арасында Бірыңғай экономикалық кеңістік келісімінің күшіне енуі, толыққанды бірыңғай құқықтық алаңды құруға мүмкіндіктер туғызды:

- A) Мәдени салада
- B) Капиталдың еркін қозғалысы үшін
- C) Көліктердің еркін қозғалысы үшін
- D) Теміржол қозғалысы үшін
- E) Гуманитарлық салада
- F) Поштаның еркін қозғалысы үшін

12. Кеден одағын құрудағы басты мақсаттар:

- A) Ортақ валюта енгізу
- B) Тауарлар нарқын белгілеу
- C) Мұнай қорын есептеу арқылы бөлу
- D) Орталық сауда саласын дамыту
- E) Аймақ экологиясын қалпына келтіру
- F) Капиталмен жұмыс күшінің ортақ бағамын шығару
- G) Көрсетілген қызмет нарқын бағалау

13. Бангкокте өткен 1996 жылғы Азия-Еуропа (АСЕМ) саммитінде қаралған басты мәселелер:

- A) Елдер арасындағы өзара ынтымақтастықты қалыптастыру
- B) Оңтүстік Шығыс Азияның этникалық дамуы сөз болды
- C) Шығыс пен Батыс ядролық қару мәселесіне назар аударды
- D) Корейаралық теміржол қатынасын қалпына келтіруге мүмкіндік туды
- E) Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы құрылды

14. Қазақстан қатысып отырған Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ұйымдары:

- A) Азиялық банк
- B) АСЕАН
- C) ЕҚЫҰ
- D) АТР әскери-саяси одағы
- E) Экономикалық ынтымақтастық ұйымы

15. Жапонияның Премьер-Министрі Р.Хасимото 1997 жылы «Еуразиялық дипломатия» тұжырымдамасында Орталық Азия аймағына қатысты көрсеткен саясат бағыттары:

- A) Экономикалық және табиғи ресурстарды игеру саласындағы ынтымақтастық
- B) Еуропа елдерімен тең дәрежеде келіссөздер жүргізу
- C) Корея мемлекетімен теміржол құрылысын дамыту
- D) Қазақстанмен экономикалық байланысқа түсу
- E) Түрлі экстремистік әрекеттерге жол бермеу
- F) Ядролық қаруды таратпау, аймақта бейбітшілік орнату
- G) Сенім білдіру мен өзара түсіністікті тереңдетудің саяси диалогын жүргізу

16. Қазақстан мен АҚШ арасындағы «Сапфир» бірлескен жобасының мәні:

- A) Мемлекетаралық терроризммен күрес
- B) Электроэнергетика саласын дамыту
- C) Америкадан өтемік жабдықтар мен қызметтер алмасу
- D) Үлбі металлургия зауытынан уранды МАГАТЭ бақылауымен АҚШ-қа апару
- E) Екі ел арасындағы мәдени байланысты дамыту
- F) Өзара ядролық қаруды пайдаланбау

17. Н.Назарбаевтың 2006 жылы 26-29 қыркүйекте Вашингтонға сапары барысында екі ел арасында бірлескен мәлімдеме жасалып дамытқан сала:

- A) әскери техника
- B) инвестиция және демократизация
- C) жеңіл өнеркәсіп
- D) энергетика, сауда
- E) ауыр өнеркәсіп
- F) мәдени байланыстар
- G) шикізатты өңдеу

18. Қазақстан Республикасы білім беру бағдарламасында маңызды рөл атқаратын американдық Бейбітшілік корпусында айқындалған қызмет бағдарламасы:

- A) Саяси партиялар құру
- B) Ынтымақтастық қатынастарды нығайту
- C) Қазақстан кәсіпкерлерін қолдау
- D) Заңдылықтардың сақталуын қадағалау
- E) Экологиялық

19. Н.Ә. Назарбаевтың ресми сапармен Италияда болған жылдары:

- A) 2006 ж
- B) 1998 ж
- C) 2009 ж.
- D) 2001 ж
- E) 1993ж

20. 1994 ж. ЕҚЫҰ-ның Будапешт саммитінде Қазақстанға қауіпсіздікті кепіл еткендер:

- A) АҚШ, ЕО және Қытай
- B) Ресей
- C) АҚШ, Ресей, Ұлыбритания
- D) Франция, Жапония және Ұлыбритания
- E) Германия, Франция
- F) Ұлыбритания

21. Қазақстан мен ЕО арасындағы негізгі келісімдер:

- A) Еуропалық энергетикалық хартия
- B) Консулдық қатынастар туралы келісім
- C) Серіктестік пен ынтымақтастық туралы уақытша келісім
- D) Ұжымдық қауіпсіздік келісім
- E) Уақытша сауда келісімі

22. 1993 жылдың 2 ақпанынан бастау алған Еуропалық Одақ пен Қазақстанның ынтымақтастығына дәлел болар фактілер:

- A) 1996 ж. Брюссельде ынтымақтастық және әріптестік туралы келісімі болды
- B) 1993 жылғы желтоқсанда Брюссельде ЕО жанынан ҚР Өкілдігі ашылды
- C) 1995 ж. Брюссельде ынтымақтастық және әріптестік туралы келісім болды
- D) 1996 ж. Брюссельде ЕО жанынан ҚР Өкілдігі ашылды
- E) 1994 ж. Алматыда Еуропалық Комиссияның (ЕК) Өкілдігі ашылды

23. 1997 ж. 21-22 ақпан аралығында ҚР Президенті Қытай Халық Республикасына сапарында Цзян Цзэминмен талқылаған мәселелер:

- A) Саяси
- B) Іргелі дәстүрді жаңғыртты
- C) Әлеуметтік қолдау көрсету туралы
- D) Экономикалық
- E) Гуманитарлық

24. 1997 ж. 24-26 қыркүйек аралығында Қазақстанға келген ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Пэнмен қол қойылған келісім:

- A) Саяси келісім
- B) Іргелі дәстүрді жаңғырту келісім
- C) Мұнай және газ саласындағы келісім
- D) Кен орындарын игеру және мұнай құбырлары жобалары туралы келісім
- E) Әлеуметтік қолдау көрсету туралы келісім
- F) Сауда, экономикалық келісім
- G) Мәңгілік достық туралы келісім

25. 1992 жылы Премьер-Министр С. Терещенко ҚХР ресми сапарда болып, Пекинде бірқатар құжаттарға қол қойды:

- A) Екі ел арасындағы мәдени байланыстарды дамытуға
- B) Визасыз режимді көздейтін азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімге
- C) Өзара бейбітшілік орнатуға
- D) Шекаралық аймақтарды нақтылауға
- E) Өзара көмек қолын созуға
- F) Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық құрудағы үкіметаралық комиссия құруға
- G) Мемлекетаралық мұнай саласын жандандыруға

**Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықта
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Шығыс пен Батыстың жаңа және қазіргі заман тарихы

1. Италияны біріктіруге ат салысқан адамдар:

- A) Король Карл Альберт
- B) Граф Кавур
- C) Мадзини Д.
- D) Рим папасы Пий IX
- E) Король Виктор-Эммануил

2. 1907 ж. 31 тамыздағы ағылшын-орыс келісімі қарастырған мәселелер:

- A) Түркия туралы
- B) Курил аралдары туралы
- C) Жапония туралы
- D) Одақтастық туралы
- E) Тибет туралы
- F) Ауғанстан туралы
- G) Қытай туралы

3. Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң Германия отарларын өзара бөлісуді көздеген мемлекеттер:

- A) Бельгия
- B) Ресей
- C) Англия
- D) Жапония
- E) Франция

4. 1916 ж. Германияда соғысқа қарсы жұмысшылардың бұқаралық қозғалыстары орын алған қалалар:

- A) Гамбург
- B) Берлин
- C) Потсдам
- D) Штутгарт
- E) Бремен

5. 1920 ж. Спа конференциясының шешімін Франция:

- A) Қолдады
- B) Қабылдаған жоқ және Германияның Рур ауданын жаулап алды
- C) Қабылдаған жоқ және Германияны жаулады
- D) Толық орындады
- E) Қабылдады
- F) Қолдады және барлық талаптарын орындады

6. 1918 ж. Германияда құрылған буржуазиялық партиялар:

- A) Ұлттық социалист неміс жұмысшы партиясы (НСДАП)
- B) Германия коммунистік партиясы
- C) Германия демократиялық партиясы
- D) Неміс ұлттық-халық партиясы (НННП)
- E) Неміс халық партиясы (ННП)

7. «Просперити» кезеңінде АҚШ-та ғылыми және техникалық жетістіктері негізінде дамыған өнеркәсіп салалары:

- A) Химия өнеркәсібі
- B) Электротехникалық
- C) Радиотехникалық
- D) Жеңіл өнеркәсіп
- E) Кен өндіру саласы

8. XVII ғ. Осман империясының қоғамдық құрылысының сипатты белгісі:

- A) Әр түрлі әлеуметтік-экономикалық тәртіптердің болуы
- B) Ерте өнеркәсіп төңкерісі
- C) Экономикалық бытыраңқылық
- D) Демократия негіздерінің пайда болуы
- E) Капиталдың алғашқы қорының жинақталуы
- F) Натуралды шаруашылықтың басым болуы

9. 1921-1927 жылдары КСРО-да:

- A) Кедейшілік жойылды
- B) Ақша реформасы жүзеге асырылды
- C) Елдегі ахуал тез түзелді
- D) Жұмысшылар тез арада байыды
- E) «Соғыс коммунизм» саясаты дамыды
- F) «Мемлекеттік өнеркәсіп» туралы заң шықты

10. Мемлекетті экономикалық дағдарыстан шығару мақсатында Брюнинг үкіметі қолданған шаралар:

- A) Автокөлік саласын дамыту
- B) Электротехникалық саланы дамыту
- C) Тау-кен ісі саласын дамыту
- D) Жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту
- E) Химиялық өнеркәсіпті дамыту
- F) Тамақ өнеркәсібін дамыту

11. Экономикалық дағдарыстан шығу үшін АҚШ президенті Ф. Рузвельт:

- A) Қоғамдық жұмыстарды тоқтатты
- B) «Жаңа бағыт» саясатын ұсынды
- C) Халықты ереуілге шақырды
- D) Ескі заңдарды жойды
- E) Банкирлердің жалақысын қысқартты
- F) PWA заңының күшін жойды

12. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі дүниежүзілік тәртіпті орнатқан Париж конференциясындағы келісімшарттар мен келісімдер:

- A) Локарно
- B) Версаль
- C) Трианон
- D) Брест
- E) Сан-Франциско
- F) Ялта

13. Дүниені қайта бөлу мақсатындағы империалистік соғыстар:

- A) Вьетнам соғысы
- B) Англо - бур
- C) Испан -Американ
- D) Екінші бур соғысы
- E) Орыс-Жапон

14. Франциядағы Үшінші Республиканың конституциясы бойынша:

- A) Президент жаппай, тікелей дауыс беру негізінде сайланды
- B) Президент парламентті тарату құқығынан айырылды
- C) Президент 5 жылға сайланды
- D) Президент парламентті тарату құқығына ие болды
- E) Бір палаталы парламент құрылды
- F) Премьер-министр француз әскерінің бас қолбасшысы болып саналды

15. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ұлыбритания:

- A) Отарларындағы әлеуметтік жағдайларды реттеді
- B) Сыртқы саясатта КСРО-ны қолдады
- C) Үндістанға тәуелсіздік беруге мәжбүр болды
- D) Отарлық империяны сақтап қалды
- E) Корей соғысынан бас тартты
- F) Таяу Шығыс мәселесін шешті
- G) НАТО-ға мүше болды

16. Францияда Төртінші Республика тараған соң:

- A) Сыртқы саясаттағы беделі артты
- B) Отарлау саясаты бұрынғыдан да күшейді
- C) АҚШ-пен арада ерекше ынтымақтастық орнады
- D) Жаңа Конституцияның жобасы жарияланды
- E) Экономикалық дамуы бәсеңдеді

17. Президент Д. Кеннеди билік басына келген соң:

- A) «Ұлы қоғам» бағдарламасын ұсынды
- B) «Жаңа белес» бағдарламасын жариялады
- C) Экономикалық дамуда мемлекеттік реттеуді қолға алды
- D) Әлеуметтік шараларды жүргізе бастады
- E) «Қырғи-қабақ» соғыс саясатына қарсы шықты
- F) Модернизация жедел дамыды
- G) Жеке меншікті нығайтумен айналысты

18. 1970-ші жылдардың екінші жартысында Италияда:

- A) Экстремистер мен анархистердің беделі артты
- B) Солшыл күштер дағдарыс туғызды
- C) Террористер жазаланды
- D) Мафия әшкереленді
- E) Жұмыссыздық жойылды

19. Президент Ф.Миттеранның әлеуметтік-экономикалық саясатының мәні:

- A) Әлеуметтік бағдарламаларды кеңейту
- B) Мемлекеттің экономикаға араласуын күшейте түсу
- C) Еңбек пен капитал арасындағы қатынастарға араласудан бас тарту
- D) Кәсіподақтар құқықтарының шектелуі
- E) Кәсіподақтардың қызметіне тыйым салу
- F) Экономиканы милитарландыру
- G) Ірі қаржы-экономикалық топтарды национализациялау

20. XVIII ғ.екінші жартысында дәстүрлі британ қоғамының дағдарысы байқалды:

- A) Кішігірім тауар өндірісі көлемінің ұлғаюы
- B) Солтүстік Америкада ағылшын отарларының күресі
- C) Ағылшын ағартушылығының жаңғыруы
- D) Ағылшын шіркеуінің қарсы шығушылығы
- E) Канадаға доминион дәрежесінің берілуі
- F) Ирландықтардың азаттық қозғалыстарының күшеюі
- G) Өнеркәсіптік буржуазияда саяси бас көтерулер

21. Социалистік елдердің саяси дамуында:

- A) «Мәңгілік көсем» идеясы дәріптелді
- B) Социализм принциптері ескерілмеді
- C) Авторитарлық режимді сынады
- D) «Ашық социализм» жаңа дағдарысқа ұшырады
- E) Бірпартиялық жүйе принципі тоқтатылды
- F) Тоталитарлық-әкімшілік жойылды
- G) Зиялы қауым өкілдері қуғынға ұшырады

22. 1990-жылдардағы Балқан соғысы нәтижесінде құрылған тәуелсіз мемлекеттер:

- A) Словения, Сербия және Словакия
- B) Словения мен Хорватия
- C) Черногория және Чехия
- D) Македония, Босния және Герцеговина
- E) Словакия мен Словения
- F) Сербия мен Черногория

23. XVII-XIX ғғ. Шығыс елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының сипатты белгілері:

- A) Экономиканың даму деңгейінің жоғарылығы
- B) Формацияаралық өтпелі дәуірлердің ұзақтығы
- C) Капиталистік укладтың басым болуы
- D) Өнеркәсіп өнімдері экспортының өсуі
- E) Экономикалық дамудың интенсивті сипаты
- F) Бюрократия мен дінбасылар ықпалының күшті болуы
- G) Қоғамның тұрақты көпукладтылығы
- H) Өндіруші өнеркәсіп өнімдері импортының өсуі

24. XVII ғасырдың 30-шы жж. Жапониядағы Сегун Токугава өкіметінің оқшаулану саясатының себептері:

- A) Христиан дінінің таратылуы
- B) Өндіргіш күштердің дамуы
- C) Жапонияның отарға айналу қаупі
- D) Симабар көтерілісі
- E) Сауда-қаржылық қатынастар
- F) Токугаваны жазалау саясаты
- G) Шаруалардың голландықтармен біріктіруі

25. Шығыс елдерінің жаңа заман дәуірінде экономикалық және мәдени жағынан артта қалуының себептері:

- A) Әлеуметтік-экономикалық қатынастарды ұлғайту
- B) Шетелдік капиталдың шығыс халықтарын қанауы
- C) Қалалық және ауылдық мекендердің тығыз қатынастары
- D) Шетелдік отаршылардың енуі
- E) Әскери күштердің араласуы
- F) Маньчжур тайпалардың феодализмге бағынбауы
- G) Өнеркәсіптің дамуы

**Шығыс пен Батыстың жаңа және қазіргі заман тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**